

ұлттың атын иеленген республикада патриотизм қалай дамып, ұлттық идея қандай негізде ілгерілеуі керек - деген заңды сұрақ туады. Яғни, елдегі этностық топтардың тарихи сабақтастығына һәм мұқтаждықтарына нұқсан келтірместен бүкіл республика тұрғындарын жалпы халықтық ортақ мүддеге жұмылдыру үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алуы керек. Соған сай республиканы мекендейтін ұлттар мен ұлыстардың өкілдері қазақстандық қоғамның ұйтқысы болып отырған қазақ халқының төңірегіне топтасуы қазіргі уақыт алға тартып отырған қажеттілік екенін саналылықпен түсінуі және түйсінуі керек. Сонда ғана жарастықты салтанат құрып, баршаға бірдей игілігін тигізеді. Яғни, шынайы интернационалист болуы қажет.

Сонымен біз мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру теориясының жай-күйін талдай отырып, қазіргі кезде патриоттық тәрбие проблемаларын айқындауға талпыныс жасадық. Сондай проблемалардың бірі бүгінгі қоғамдық сұраныстың өсуіне байланысты орта білім беру мектептерінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру болып табылады, ал оны шешудің бір жолы ұлттық педагогика негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру екендігін анықтадық.

Әдебиеттер:

- 1.Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады //Егемен Қазақстан. - 1998. - 10 қаңтар.-№6.- Б.2.
- 2.Қалиев С. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. – Алматы: Білім, 2001. - Б. 224.
- 3.Ембергенова Ж. Халықтық педагогика құндылықтарының жастардың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негіздері (Арнайы курс бағдарламасы).-Жезқазған: Полиграфия, 1998. - Б.18.
- 4.Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту турал Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.

Джумагельдиев Э.Т., Изтелеуов Б.А.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті  
Оспанов М.Ж.

№ 16 орта мектебі КММ, Қарағанды қаласы  
Кудайбергенов А.Б.

Шет жалпы білім беру мектебі, Қарағанды қаласы  
Балғабеков Е.С.

Шет ауданы Сәкен атындағы ЖББМ, Қарағанды қаласы

## **ОҚУШЫЛАРҒА ХАЛЫҚТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ**

Қазақстан Республикасының егеменді ел болып ана тілінің мемлекеттік тіл болуымен қатар өткен тарихымызды қайта қарап, ондағы рухани құндылықтарды елеп-екшеп және рухани құндылықтардың қорына өлшеусіз үлес қосатын мұраларын зерделеп зерттеу бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің керегіне жарату, өзекті мәселелердің бірі болуда.

Кеңес Одағы кезінде мектеп оқушыларын тәрбиелеуге арқауы болған «социалистік патриотизм» ұғымы сол идеологиямен бірге жойылды. Қазіргі заманда біздің халқымыздың патриотизмі экономиканы қайта құруда, қоғамды рухани жаңартып демократияландыруда, плюрализм пікірін бекітуде және әлеуметтік орта мен идеологиядағы сол бір тоқырау кезеңдерінің әсерінен туған жікшілдік пен бұрмалаушылықты жоюдағы күреске бар күшті ынталандыру болып табылады. Мұның бәрі келешек жас ұрпақты патриоттық және интернационалдық рухта тәрбиелеудің қажеттілігін қамтамасыз етеді. Қазақстан

Республикасында білім беру саласы бойынша қоғамның бүгінгі күнгі талабы әрбір адамды Отанын сүйуге, туған жерін құрметтеуге, ата-бабаның озық салт-дәстүрлерінің құндылығын мақтаныш тұтуға, әлемде халықтар арасындағы бейбітшілік үшін достықты нығайтуға бағыт беруде талмай еңбек етуді қажет санайды. Сондықтан болашақ мамандардың патриоттық тәрбиесіне ерекше мән беру, олардың бойында патриотизмі қалыптастыру қоғам болашағының өркендеуін, елімізде тыныштық пен бейбітшіліктің мәңгілік қанат жаюын қамтамасыз ететіні анық. Өйткені патриотизм әлемдегі бейбітшілік үшін күреспен, адамзат өміріне қауіп төндіретін термоядролық, экологиялық және террорлық апаттың алдын алумен, халықаралық қатынастарды құрумен және әлемдегі жаңа тәртіптерді бекітумен, өзара түсіністікті негізге алумен, тәуелсіз елдермен және басқа да мемлекеттермен көршілік татуластықпен, іскерлік ынтымақтастықпен тығыз байланыста болумен өлшенеді.

Қазіргі кезде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында зерттеу жүргізуші ғалымдар халқымыздың сан ғасырлардағы рухани мұрасын, әсіресе оқу, тәлім-тәрбие мәселесін философия, психология, педагогика ғылымдарының зор жетістіктерін пайдаланып, асыл қазыналарын жоғары теориялық биіктен талдап, ғылыми көзін ашуда.

Дегенмен, жоғарыда айтылған ғалымдардың ғылыми еңбектеріне жасалынған талдау зерттеп отырған мәселенің әлі де болса толық шешімін таппағанын байқатты. Осыдан келіп, қазіргі жаңа қоғамда оқушыларға патриоттық тәрбие берудің этнопедагогикалық негіздері арнайы жеке зерттеу пәні ретінде қарастырылмаған деп тұжырымдауға болады. Жоғары оқу орындарында патриоттық тәрбие беру саласы ғылыми тұрғыда негізделген нұсқауларға мұқтаж. Сонымен бірге мектептерде оқу-тәрбие практикасын талдау барысында оқушыларды патриотизмге тәрбиелеудің тарихи-педагогикалық және этнопедагогикалық тұрғыдан толық зерделенбеуі мен бүгінгі күнде студенттерді ел жанды, отанының нағыз патриоттары болып қалыптасуында этнопедагогиканың қағидаларын пайдаланудың қажеттілігі, қазақ педагогикасы арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие берудің шынайы мүмкіндіктері мен олардың мектептерде педагогикалық процесінде жүйелі пайдаланылмауы оқушылардың оқу-тәрбие процесін халқымыздың педагогикасының негізінде ұйымдастыру арқылы патриотизмге тәрбиелеу біздің зерттеу проблемамызды айқындайды.

Адам баласының әрқайсының өз өмір жолы болатыны тәрізді, кез-келген халықтың, қоғам мен мемлекеттің өз тарихи ғұмыры бар. Ол көне тіршілік көшінде сан алуан кейіпте көрініп келе жатқан күрделі процесс. Әр ұрпақ өзінің бұрынғы ұрпақтың жалғасы болғанынан, өз дәуірінің шыңырауына үн қосып, өз соқпағын іздейді.

Әлем тарихында патриоттық тәрбие және әскери патриоттық туралы білім ғасырларға тамырымен терең кеткен. Әлемдегі өркениеттің дамуындағы ерекшеліктер дінмен, салт-дәстүрлермен, әртүрлі этникалық факторлармен өлшенген [1].

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында біз патриоттық тәрбие беруді қазақ халықтық тәлім тәрбие беру негізінде қарастыруды тиімді деп есептейміз. Өйткені жалпы тәрбиелеу процесі тек қана батыс еуропалық және американдық үлгіні қабылдап бара жатқанға ұқсайды. Сондықтан халықтық педагогика негізінде оқушылардың бойына патриоттық сезімді қалыптастыратын болсақ, Қазақстанның даму жолында өзінің сара жолы болады деп есептейміз. Қазақстан әрі батыс, әрі шығыс елі ерекше ортада тұрған көп ұлтты мемлекет.

Әрбір қоғамның даму, өрлеу сәттері болады. Бұл ретте ХХ ғасырдың соңғы жетпіс бес жылы түрік ғасыры болды. Түрік тарихының терең болғанымен, оның гүлденген өркениетке жеткен тұсы осы ғасыр. Оның ең бастауы, түп қазығы түрік идеясы мен түрік патриотизмінде дер едік. Егер ғасыр басында түріктер бар болғаны он екі миллионға жетер жетпес болса, бұл күнде олар алпыс төрт миллионнан асып жығылады.

Мұстафа Кемал Ататүрік Түрік Республикасын жария ете салып, ұлт алдында тұрған негізгі міндеттерді ұсынды. Оның ең бастысы - дүниеге адам баласы тең болып келеді, ендеше түрік ұланы жерге қарама, еңсенді көтер нәсілің түрік екеніне мақтан деген ұстамды әр жүрекке шырақ етіп жаға білді.

Түрік мемлекеті еуропаға есігін ашып қана қоймай, өзі де батыс пен шығысқа жол салды. Әскери доктринасы күшейді, НАТО-ға кірді. Енді ол басқа бір елдің қабағына қарап қана қоймай, өзге бір елдерді өз қас-қабағына қарата бастады. Ал бұл тікелей тәуелсіздік

идеясын тұтатты.

Сөйтіп Ататүрік: «Түрік ұланы! Бірінші міндетің: Түрік тәуелсіздігің, Түрік тәуелсіздігің мәңгі сақтау және қорғау болып табылады» - деп айтып қана қоймай, оны көз көретін жерлердің бәріне тасқа ойып жаздырды. Ұлттың рухы асқақтаған халықтың тілегі тоғысқан сәті осы еді. Мұндай елді жеңу мүмкін бе? [2].

Біздерге де ойлануға тура келетін кездер келді деп ойлаймыз. Кең байтақ жеріміз бар қазақстандықтардың асқақтап шарықтауға мүмкіншілігі мол.

Шығыс елдерінде патриоттық тәрбиеге әсіресе әскери-патриоттық тәрбиеге аса көңіл бөлген. Бұл тұрғыда жапондықтар үлгі көрсетеді. Орыс тарихшысы А.А.Строев «жапондыққа балалық шағынан мемлекеттің идеологиясы үшін әр уақытта өзін құрбандыққа шалуға дайын болуын құлағына құяды» - деп жазған. Ал қытайда әскери патриоттық білім беру мемлекеттік идеологиямен бір қатарда .

Қазіргі кезеңде Америка Құрама Штаттары өз азаматтарының патриоттық сезімдерін балалық шағынан тәрбиелейді. Құрама штаттарда мектеп қабырғасынан бастап тәуелсіздік декларация дегеніміз не? деген мен қатар Американың негізін қалаушы президенттерінің аталы сөздерін оқып үйренеді [3].

Азаматтарды әскери қызметке дайындап патриоттық сезімін қалыптастыру қазіргі кезде батыс еуропаның барлық елдерінде қолға алынған. Мысалға, Германия, Ұлыбритания, Франция мектептерінде және жоғары оқу орындарында офицерлерді дайындауда арнайы пән ретінде әскери кәсіптік бағытын қалыптастыруда оқытылады [4].

Халықтық педагогикадағы атамекенге сүйіспеншілікті дамыта отырып біз оқушылардың бойында патриоттық сезімді тәрбиелеуді ұсынамыз.

Біз жоғарыдағы жұмыстарды талдай отырып оқушыларға халқымыз тәлім тәрбиесі негізінде патриоттық тәрбие беру бұрын соңды қарастырылмаған деп анықтадық.

Ғылыми зерттеулерді оқып-үйреніп талдауда, педагогикалық тәлім-тәрбиеде, оқушыларға патриоттық тәрбие беру ғылымының теориясын өз алдына дербес проблема ретінде анықталғанын және ол үнемі зерттеп отыруды қажет ететіндігін көруге мүмкіндік берді.

Біздің ойымызша патриотизмге негізделген тәрбие жұмысын жүргізуде мектептердегі оқушылар проблемасы ерекше мәнге ие болады. Себебі оқушылар болашақ маман ретінде қалыптасып, өмірлік ұстанымын айқындап, өркениетті елдер қатарына қосылуда өздерінің үлкен септігін тигізеді.

Өркендеудің құтты қасиеті іспеттес бір ұғым бар. Ол - патриотизм. әрине, мәселе көп шуылда емес, бүлкілдеген күре тамырды бойлап қуалап, санды- санаға бәтуаны-берекеге айналдыруға көмектесетін сиқырлы сезім жайлы. Ол томағы-тұйыққа емес, салмақты саликалыққа бастайды, жансызға жан береді. Ортақ иманға айналса, алмайтын қамалы жоқ.

Осының бәрін бір ғана «патриотизм» деген» ұлы ұғымға сиғызсақ, уақыттан алыс кетпес едік деп ойлаймыз. Өйткені ол өзін жаралған топырақпен өскен ортаға деген ізгі сезімді ғана білдірмейді. Аясы әлдеқайда кең ұғым. Тіршілікте төл табиғи орта ерекшеліктерін тиімді пайдалану, алғы ұрпақтар тәжірибиесі арқылы жинақталып, тарихи зерде кілтінә айналған патриотизмді өркениет мүддесіне қолдана білу де сол тектен.

Ең бастысы елдің бірлік, халықтың қасиет - қазыналарын қастерлеу мен ертеңге деген сенім сияқты сезімдерді оятатын да осы патриотизм. Оның қоғам дамуына айрықша орын алатын құдіретті рухани факторға айналуының сыры да осында жатыр[5].

Отан дегеніміз - халық. Халық дегеніміз - адам. Адамды сүю оған жақсылық жасау, жанашыр болу - адамгершіліктің белгісі. Ендеше отаншылдық - сонау ерте замандардан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім.

Қазіргі таңда біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз - Қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін - өзі айқын билеуін қалыптастыру. Шынайы отансүйгіштікті нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезініп, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді.

Ата-бабаларымыз «Адал адам Отанын сүйеді». «Адал, ақ жүрекке Отан – анасындай». Отанға деген махабатты өлшеуге болмайды деген болатын. Осы айтылғандар халықтың асыл

ойының түйіні мақал-мәтелдерден өзекті орын алған. Мәселен, жас ұрпаққа ел қадірін «Өз елің алтын бесігің», «Отан - оттан да ыстық» «Туған жерге туынды тік», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Жекен жерінде көгерер, ер елінде көгерер» деген асыл сөздермен білдірген. Жастарды кіндік кесіп, кір жуған жері үшін, әлпештеп өсірген елі үшін қасық қаны қалғанша жаумен жағаласа білетін, Отанын шын сүйетін батыр етіп тәрбиелеуді көздеген халық өзінің өлең-жырларынан, аңыз әңгімелерін, мақал-мәтелдерін осы тақырыпқа арнаған.

Сондықтан лиро-эпостық, батырлар жырларының басты кейіпкерлері ата-анасы, сүйген жары, туған жері, өскен елі үшін жаумен кескілесе күрес жүргізіп, ерлікпен даңқын шығарған халықтың сүйікті ұл-қыздары болып келеді «Отан үшін отқа түс, күймейсің, Арың үшін алыс, өлмейсің», «Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі», деп халық өз ұрпағын Отанын сүйуге шақырады.

Әдебиеттер:

1. Ге Ф. История воспитания и образования. -М.:Тихомиров, 1912. - 660 с.
2. Қалижан У. Түрік патриотизмінің төркіні неде? Егемен Қазақстан -1998. - №221. -1 б.
3. Джуринский А.Н. История зарубежной педагогики. Учеб пособие для вузов. - М.: Издательская группа «Форум»-«ИНФРА-М», 1988. - 272 с.
4. Орехова Е.Я. Воспитание в лицеях Франции:автореф. ...к.п.н.13.00.01- Тула,1999 -28 с.
5. Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады //Егемен Қазақстан. - 1998. - 10 қаңтар.-№6.- Б.2.

Батаев Д.А., Түймебай Т.Ж., Атай Е.Ж.  
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент қ.

### **АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ӘСКЕРИ – ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Мемлекеттің барлық тарихы жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу мен Отан қорғаушылардың жоғары рухын, батылдығын, ерлігін, жауапкершілігін, ұрыстағы беріктігін қалыптастыру міндеттерін табысты шешумен байланысты. Әскери патриоттық тәрбиелеу - азаматтарға патриоттық тәрбие берудің негізгі бөлігі. Әскери патриоттық тәрбие беру, еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сенімді қорғаудың міндеттерін шешу үшін қажетті, патриоттық және рухани - психологиялық қасиеттерді қалыптастыруға міндетті. Әскери - патриоттық тәрбиелеудің мақсаты - азаматтардың патриоттық парыздың терең түсінігін, Отан қорғауға дайындығын қалыптастыру, және де еліміздің тұтастығы мен бірлігін нығайту.

Жас ұрпақты Отанына, халқына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, олардың бойына сіңіріп қалыптастыру халық тәрбиесінде жетекші орын алады. Патриоттық тәрбие беру арқылы оқушының саналы сезімін көзқарасын қалыптастырады. Оқу орнында патриоттық тәрбиенің тереңдеуі Отанымыздың саналы да белсенді күрескерлерін тәрбиелеуге, оларды еліміздің игілігіне жанқиярлықпен еңбек етуге, республикамыздың мүддесін қорғауға жаңа мүмкіндіктер туғызады. Жастардың Отанды қорғауға даярлау, жас азаматтардың патриоттық тәрбиесінің танымдары мен мінездерін қалыптастыру күрделі және сан түрлі процесс. Оқушының дүние танымын, білімін, көзқарасын қалыптастыруда мектеп шешуші рөл атқарады. Аға ұрпақтың лайықты мұрагері болу үшін жастарға халқымыздың Отан мүддесі жолында жасаған ерлік істерінің ұлылығын жете түсіндіре отыруымыз қажет. Сол арқылы әр жас жігіт, бойжеткен қыз еліміздің келешегі жолында табанды күрескер болуы керек екенін түсінуі тиіс. Ер жүрек адамды, табанды күрескерді тәрбиелеудің негізі мектепте басталады. Әскери - патриоттық, тәрбие - жас өренді Отанды қорғауға ұдайы әзір болуға моральдік жағынан даярлау ұстаздар құзырында.

Сонымен, жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысы қазіргі білім жүйесінің қажетті компоненті